Түркістан облысы құрылыс басқармасының басшысы А.Турхановтың жиналыс қорытындысы бойынша Хаттамасы

Түркістан қаласы № 1 02 қыркүйек 2025

Төрағалық етті: Түркістан облысы құрылыс басқармасының басшысы А.Турханов

Қатысқандар: Б.Оразбеков, Е.Бибатыров, Д.Оңласынов И.Срайылов

Түркістан облысы құрылыс басқармасы тапсырыс беруші болып табылатын «Түркістан облысы, Қазығұрт ауылындағы орталық аудандық аурухананың сыртқы кәріз желісін және сорғы станциясын қайта жаңарту» нысаны бойынша

1. Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының 2025 жылғы 28 тамыздағы №1392 хатынада, және қосымша актіде Қазығұрт ауданы орталығындағы 200 науқастарды қабылдауға арналған ауруханасының сыртқы кәріз жүйесі және сорғы станциясы 2006 жылы пайдалануға берілген, бүгінгі таңда тозығы жеткен.

Санитарлық және экологиялық талаптарға сәйкес болмауына және толуына байланысты жергілікті тұрғындар тарапынан наразылық туындауда. Егер кәріз жүйесі ағымдағы жылы реттемесе түрлі жұқпалы аурулар шығу қауіпі барлығын анықталды деп көрсетуде.

Қазығұрт ауданы орталығындағы 200 науқастарды қабылдауға арналған ауруханасының сыртқы кәріз жүйесін және сорғы станциясын қайта жаңғырту құрылыс жұмыстарын бастауына ұсыныс енгізген.

Осыған байланысты Қазығұрт аудандық орталық аурухананың науқастарының кедергісіз емделуіне қолайлы жағдай жасау және кәріз жүйесінің санитарлық аймақғының шекарасында орналасқан тұрғындарға зақымын тигізбеу мақсатында, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3 тармағы 3) тармақшасына сәйкес бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырып, сыртқы кәріз жүйесін және сорғы станциясын қайта жаңғырту құрылыс жұмыстарын ерте басталуына және қосымша қаржысын бөлуіне ықпал жасауды сұраған.

2. Жоғарыда аталғандар назарға алынсын «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №-VII ҚРЗ Заңының 16-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сай, Электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін

коммуникация жүйелеріндегі, теміржол, әуе, автомобиль, су көлігі объектілеріндегі, тазарту құрылысжайларындағы, мұнай құбыржолдарындағы, газ құбыржолдарындағы технологиялық бұзылуларды жою, жедел медициналық араласу үшін, сондай-ақ коммуникациялардың, механизмдердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың жүру жолында дереу қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы туындаған кезде қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша бір көзден мемлекеттік сатып алу келісімшарты жасалсын.

3. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 66 тармағына және 56 тармақ 1) тармақшасына сай, Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығын мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде веб-порталмен автоматты түрде айқындау жұмыстары жүргізілсін.

«Түркістан облысы, Қазығұрт ауылындағы орталық аудандық аурухананың сыртқы кәріз желісін және сорғы станциясын қайта жаңарту» нысаны бойынша мемлекеттік сатып алу порталында біліктілік талаптары жоғары тұрған әлеуетті өнім беруші қайта жаңғырту құрылыс монтаж жұмыстары бойынша «Астана Строй Груп» ЖШС, Техникалық қадағалау қызметі бойынша «Мир-Строй и Компания» ЖШС, Авторлық қадағалау қызметі бойынша «ID Build KZ» ЖШС келісімшарты тұзу бойынша мемлекеттік сатып алу порталында шақырту және шарт жобасы жолданып ұсыныс берілсін.

3.1 Мерзімі 03.09.2025 жылға дейін.

Осы хаттаманың орындалуын бақылауды басқарма басшысының орынбасары Б.Оразбековке жүктелсін.

Басшы **А.Турханов**